**Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 25 қарашадағы № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 қарашада № 35402 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін тізбенің 1 және 4-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Энергетика министрі* *А. Саткалиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2024 жылғы 25 қарашадағы
№ 415 Бұйрыққа
қосымша

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10516 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 250) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидалары";

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 250) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушілерге, Бірыңғай байланыс орталығына және " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлік паспорты – энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін растайтын, жыл сайын берілетін құжат;

2) жеке жылумен жабдықтау жүйесі – жеке тұрғын үйді жылыту мұқтаждығы үшін орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінің жылу желілеріне қосылмай, бірден-бір тұтынушыны автономды жылу энергиясы көзінен жылу энергиясымен қамтамасыз ететін жылумен жабдықтау жүйесі;

3) жергілікті жылумен жабдықтау жүйесі – бір жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі не кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кіретін және орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінің желілері болып табылмайтын жылу желілері арқылы бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен бір немесе бірнеше жылу энергиясын тұтынушы үшін жұмыс істейтін жылумен жабдықтау жүйесі;

4) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

5) жылу өндіруші субъект – "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

6) жылу тасымалдаушы субъект – "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылу энергиясын тасымалдау және (немесе) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ;

7) жылу тұтынатын қондырғылар – жылу энергиясын тұтынушының мұқтаждықтары үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғылар кешені;

8) жылу энергиясының көзі – жылу энергиясын өндіруге арналған жылу электр орталығы, қазандықтар және басқа да құрылғылар және (немесе) қондырғылар;

9) күзгі-қысқы кезең – басталуы мен аяқталуын жергілікті атқарушы органдар белгілейтін жылыту маусымы;

10) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі – тұтынушылардың жиынтық қосылған жүктемесі жиырма мегаваттан асатын жылу желілері арқылы тұтынушыларға жылу жеткізгішті тасымалдай отырып, бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен жылумен жабдықтайтын жүйе;

11) энергия беруші ұйым – шарттар негізінде электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін ұйым;

12) энергия өндіруші ұйым – Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес нетто-тұтынушылар болып табылатын осындай тұтынушыларды қоспағанда, электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) өткізу үшін өндіруді жүзеге асыратын ұйым.

Осы Қағидаларда пайданылатын өзге де ұғымдар электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу тәртібі";

3, 4, 5, 6 және 7-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Белгіленген электр қуаты 5 (бес) МегаВаттан (бұдан әрі – МВт) астам, сондай-ақ өз теңгерімінде 110 (бір жүз он) килоВольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға, жылу өндіруші субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын 100 Г/кал астам жылу қазандықтары), жылу тасымалдаушы субъектілерге ( орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу желілері) күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорттарын (бұдан әрі – Әзірлік паспорты) осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша астананың, облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі орган береді.

4. Жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздері мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын осы Қағидаларға 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша астананың және республикалық

маңызы бар қалалардың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) береді.

5. Өз құрамында кернеуі 35 (отыз бес) кВ және одан төмен электр желілері бар энергия беруші ұйымдарға, белгіленген электр қуаты 5 (бес) МВт және одан төмен энергия өндіруші ұйымдарға, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 35 (отыз бес) МВт дейін қоса алғанда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға, сондай-ақ облыс орталықтарындағы және республикалық маңызы бар қалалардағыны қоспағанда, жылу өндіруші субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын 100 Г/кал төмен жылу қазандықтары), жылу тасымалдаушы субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу желілері) әзірлік паспортын осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның аумақтық бөлімшелері береді.

6. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардан және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерден (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Әзірлік паспортын алуға құжаттарды қабылдау жыл сайын 15 (он бесінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі - қысқы пернодтағы жұмысқа дайындығы паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі-мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.";

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Жыл сайын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісін ( бұдан әрі – әзірлік актісі) дайындау үшін көрсетілетін қызметті алушылар күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының комиссиясын (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы) құрып, ол 1 ( бірінші) тамыздан бастап көрсетілетін қызметті алушыларға барып, жұмыс істей бастайды.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. "Көрсетілетін қызметті алушының компсиясы 1 (бірінші) тамыз бен 30 ( отызыншы) қыркүйек аралығындағы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындығын көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес айқындайды Мемлекеттік қызмет көрсету.";

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті алушы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайын болмағанда, көрсетілетін қызметті алушының басшылығы кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оны көрсетілетін қызметті алушының комиссиясымен келіседі. Келісілген іс-шаралар жоспары әзірлік актісіне қоса беріледі.";

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Құжаттар Портал арқылы келіп түскен күні мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) іс қағаздарын жүргізуге жауапты маманы тіркеуді жүзеге асырады және оларды көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қарауға жібереді, ол Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысын айқындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік Көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеген сәттен бастап 1 ( бір) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

2 (екі) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін Қызметті алушы осы Қағидаларға сәйкес Тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін Қызметті беруші осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттар толық болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға әзірлік паспортын беру үшін қажетті осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген әзірлік паспортын беруден бас тарту үшін негіздердің болуын талдауды жүзеге асырады, тиісті қорытынды дайындайды және осы қорытындыны көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына келісуге енгізеді.

1 (бір) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушының қорытындысын келіседі және осы қорытынды энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің

күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініштерді қарау жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің комиссиясының (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті берушінің комиссиясы) қарауына енгізіледі."

21-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Жергілікті атқарушы орган құратын Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының төрағасы болып Жергілікті атқарушы органның жауапты адамы тағайындалады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган құратын Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының төрағасы болып мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның жауапты адамы тағайындалады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі құратын Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының төрағасы болып мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің жауапты адамы тағайындалады.

Көрсетілетін қызметті берушінің комиссия мүшелерінде мүдделер қақтығысының болуы немесе оның туындау мүмкіндігі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес реттеледі.";

24-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"24. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға әзірлік паспортын беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын (тыңдауын) білдіруге мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын қарау нәтижелері, қорытындылар және тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) әзірлік паспортын беру;

2) әзірлік паспортын ескертулермен беру;

3) әзірлік паспортын беруден бас тарту.";

28-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"28. Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының қарау қорытындысы бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушы: әзірлік паспортының жобасын; ескертулері бар әзірлік паспортының жобасын немесе әзірлік паспортын беруден уәжді бас тарту туралы шешімнің жобасын дайындайды.

1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді. Әзірлік паспортын беруден бас тартылған кезде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне уәжді бас тартуды береді."

29-тармақ алып тасталсын;

2, 3, 5, 6, 7, 8, 8-1, 9 және 10-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 59 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10444 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 266) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларында :

1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергетикалық сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 266) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергетикалық сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жылу энергиясын тасымалдау – жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті қабылдауды және оны жылу энергиясының көзінен жылу энергиясын тұтынушыға дейін жеткізуді қамтитын жылу энергиясын беру және тарату;";

2-тармақтың 6) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"6) энергетикалық сараптама – электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларында жұмыс істеп тұрған объектілер, реконструкцияланатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынып жатқан объектілердің жобалары бойынша, сондай-ақ олардағы технологиялық бұзушылықтар мен өндірістік жарақаттануды тергеп-тексеру кезінде уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне жүргізілетін электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы сараптама.";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Энергетикалық сараптама жүргізу тәртібі";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Энергетикалық сараптаманы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 218 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13840 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптармен айқындалатын 1, 2, 3-санаттарына сәйкес сараптама ұйымдары жүргізеді:

1) 1-санаттағы сараптама ұйымдары энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға, жылу тасымалдаушы субъектілер мен электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді;

2) 2-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 500 килоВольтАмперге (бұдан әрі – кВА) дейінгі және (немесе) жылу тұтынатын қондырғыларының 1 Гигакаллорий/сағатқа (бұдан әрі - Гкал/сағ.) дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді;

3) 3-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 100 кВА дейінгі және (немесе) жылу тұтынатын қондырғыларының 1 Гкал/сағ дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.
";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша энергетикалық сараптама мынадай жағдайларда:

1) электр станцияларындағы, электр желілеріндегі және жылу энергетикасы объектілеріндегі энергетикалық жабдықтардағы технологиялық бұзушылықтар мен аварияларды тергеп-тексеру кезінде, сондай-ақ олардағы өндірістік жарақаттануда;

2) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 5-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен екі ай ішінде екі реттен астам бір жабдық бойынша технологиялық бұзушылық – І-дәрежелі істен шығу кезінде
;

3) электр және жылу энергиясын өндіру үшін шартты отынның үлестік шығысы немесе жеке қажеттіліктерге жұмсалатын энергетикалық ресурстар шығыны ұлғайған кезінде жүргізіледі.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Қорытынды бөлімде нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме жасай отырып, анықталған электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шаралар жазылады.";

1-қосымшаның 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Электр және жылу энергиясын өндіретін ұйымдардың техникалық пайдалану деңгейінің электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі, мынадай жабдықтар болған кезде:

1) станциялық жылыту қондырғылары;

2) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;

3) жылу электр станцияларының құбыржолдары;

4) жылу автоматикасы және өлшеу құрылғылары;

5) турбиналардың реттеу және бу тарату жүйелері;

6) су жылыту және бу энергетикалық қазандары;

7) газ шаруашылығы;

8) мазут шаруашылығы;

9) отын-көлік жабдығы;

10) мұнаралық градирнялар;

11) өндірістік ғимараттар, құрылыстар және аумақтар;

12) табиғатты қорғау объектілері;

13) релелік қорғау, аварияға қарсы автоматика және байланыс құрылғылары;

14) гидротурбиналық жабдықтар;

15) электр техникалық жабдықтар (генераторлар, электр қозғалтқыштары, күш және өлшеу трансформаторлары, реакторлар, коммутациялық аппараттар);

16) компрессорлық, аккумуляторлық, электролиздік қондырғылар.";

2-қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Жылу энергиясын тасымалдау жөніндегі ұйымдарға энергетикалық сараптама жүргізу жоспары";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жылу тасымалдаушы субъектілердің техникалық пайдалану деңгейінің электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі, мынадай жабдықтар болған кезде:

1) жылу желілері (магистральдық және таратушы);

2) бак-аккумуляторлары;

3) су жылыту қазандықтары;

4) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;

5) газ шаруашылығы;

6) мазут шаруашылығы

7) автоматика және өлшеу құрылғылары;

8) өндірістік ғимараттар, құрылыстар;

9) табиғатты қорғау объектілері.";

5-қосымшаның 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жылу энергиясын тұтынушылардың энергия объектілерінің техникалық пайдалану деңгейінің электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі, мынадай жабдықтар болған кезде:

1) жылу желілері (магистральдық және таратушы);

2) бак-аккумуляторлар;

3) су жылыту қазандықтары;

4) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері;

5) газ шаруашылығы;

6) мазут шаруашылығы;

7) автоматика және өлшеу құрылғылары;

8) өндірістік ғимараттар, құрылыстар;

9) табиғат қорғау объектілері.".

3. "Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10558 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы тергеп-тексеру жүргізу, электр энергетикасы саласындағы, орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі технологиялық бұзушылықтарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-5-бабының 5-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 287) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидалары осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 210 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11026 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 294) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр қондырғыларының техникалық жай -күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 294) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"1) басшылар – мынадай ұйымдарда төменде аталған лауазымдарды атқаратын адамдар:

электр және жылу энергиясын өндіру, беру негізгі қызмет түрі болып табылады, оның ішінде жүйелік оператордың:

- бірінші басшы (басқарма төрағасы, бас директор, директор);

- бірінші басшының техникалық мәселелер жөніндегі, өндіріс жөніндегі орынбасары;

- бас инженер;

- ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) басшысы ( еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) жауапты басшысы болмаған кезде ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін жауапты адам);

Электр және жылу энергиясын өндіру, беру негізгі қызмет түрі болып табылмайды:

- энергетикалық бөлімінің басшысы;

- басшының энергетикалық бөлім бойынша орынбасары;

- бас инженер;

- ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) басшысы ( еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) жауапты басшысы болмаған кезде ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін жауапты адам);";

6) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"6) электртехнологиялық персонал – өзі қызмет көрсететін технологиялық процесте негізгі құрамдық бөлік электр энергиясы болып табылатын, жұмысында қол электр машиналарын, электр дәнекерлеуішті, жарықтандырғыштарды, өлшеу аспаптарын және тасымалды электр құрылғыларын пайдаланатын персонал, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықпен немесе еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары) білу белгіленген электр зертханаларының қызметкерлері;";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) басшы лауазымына үміткер - басшы лауазымына тағайындауы жоспарланатын адам.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу үшін негіздеме:

– басшы лауазымына үміткерлер үшін (бұдан әрі - үміткер) – ұйымның білімді біліктілік тексеруден өтуге жолдамасы;

– электртехникалық және электртехнологиялық персонал үшін – тиісті лауазымға қызметкерді қабылдау туралы немесе ауыстыру туралы ұйым басшылығының өкімдік құжаты (бұйрық) болып табылады.

Үміткерлер үшін білімді бастапқы біліктілік тексеру лауазымға тағайындалғанға дейін жүргізіледі.

Электртехникалық және электртехнологиялық персонал үшін білімді бастапқы біліктілік тексеру тиісті лауазымға тағайындалғаннан кейін оқыту және тағылымдама аяқталған соң бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Білімге мерзімді (кезекті) біліктілік тексеру мерзімі:

1) үш жылда кемінде бір рет:

- басшыларға;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің мамандарына;

2) жылына кемінде бір рет:

- электртехникалық және электртехнологиялық персонал үшін, соның ішінде әкімшілік-техникалық персоналды қоспағанда, жедел келіссөздер мен ауыстырулар жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандар.";

11-тармақта:

3) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызмет (бөлім) қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдау туралы нұсқаулар;";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) электр энергетикасы саласындағы құқықтық актілердің талаптарын бұзу анықталған кезде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның нұсқама беруі немесе ұсыным жіберуі оның шарттары болып табылады.";

12-тармақта:

7) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"7) электр энергетикасы саласындағы сараптама, жобалау ұйымдарының соның ішінде өзгерістер мен сынаулар бойынша зертханалардың (электр зертханаларының) мамандары тарапынан электр энергетикасы саласындағы жұмыстар кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша бақылаудың болмауы және шаралардың қабылданбауы;";

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) дәлелді себепсіз білімді бастапқы немесе мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту бойынша осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерді бұзу, сондай-ақ өз біліктілігін растамау жатады.";

мынадай мазмұндағы 22-8-тармақпен толықтырылсын:

"22-8. Тестілеу барысы техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркеледі.

Техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркелген материалдар білімді біліктілік тексеру өткізген сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде сақталады.";

23-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Білімге бастапқы немесе кезекті біліктілік тексеру кезінде шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған немесе тестілеуге дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушы атқаратын лауазымы шегінде өз біліктілігін растамаған болып есептеледі. Бұл жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде осы

Қағидалардың 21-тармағына сәйкес қайта өтініш беру арқылы білімге кезектен тыс біліктілік тексеруден өтеді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы білімді кезектен тыс біліктілік тексеру кезінде шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған немесе тестілеуге дәлелді себептерсіз келмеген кезде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымынан шеттетіледі.

Басшы біліміне біліктілік тексеру жүргізудің осы Қағидаларда белгіленген мерзімін дәлелді себептермен (ауыру, іссапар, еңбек демалысы, оқу орындарында оқу) өткізіп алған кезде пайда болған дәлелді себеп туралы хабарламаны жіберген және ұйым тарапынан кейіннен құжаттық растаған кезінде білімге біліктілік тексеру жүргізудің көрсетілген мерзімі мерзімінде келмей қалу себебі болып табылған жағдай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Пайда болған дәлелді себеп туралы хабарламаны ұйым Комитетке білімге біліктілік тексеру жүргізудің өтіп кеткен күнінен кейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді."
;

34-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"34. Білімді біліктілік тексеру нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасы ресімделеді.

Тексерілуші комиссия хаттамасымен қызметкердің біліміне біліктілік тексеру жүргізілгеннен кейін бір тәулік ішінде қол қойып танысады. Қызметкерлердің білімін біліктілік тексеру хаттамалары ұйымда кемінде үш жыл сақталады.

Қызметкердің білімін біліктілік тексеру негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген) Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлікке жазба жасалады.";

1-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымшада:

реттік нөмірі 4-жол жаңа редакцияда жазылсын;

"

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |

";

реттік нөмірі 8-жол жаңа редакцияда жазылсын;

"

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) ұйымның білімді біліктілік тексеруден өтуге жолдамасы немесе көрсетілетін қызметті алушыны лауазымға қабылдау немесе ауыстыру туралы өкімдік құжаттың (бұйрықтың) электрондық көшірмесі.<br>Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |

";

реттік нөмірі 9-жолына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-қосымша осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 218 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13840 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 269) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 269) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындайды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарына қойылатын талаптарда:

7, 8 және 9-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"7. 1-санаттағы сараптама ұйымдары энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға, жылу тасымалдаушы субъектілер мен электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.

8. 2-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 500 килоВольтАмперге (бұдан әрі – кВА) дейінгі және (немесе) жылу тұтынатын қондырғыларының 1 Гигакаллорий/сағатқа (бұдан әрі - Гкал/сағ.) дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді.

9. 3-санаттағы сараптама ұйымдары электр қондырғыларының 100 кВА дейінгі және (немесе) жылу тұтынатын қондырғыларының 1 Гкал/сағ дейінгі қосылған қуаты бар электр және жылу энергиясын тұтынушыларға энергетикалық сараптама жүргізеді. ".

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу
тасымалдаушы субъектілердің
күзгі-қысқы кезеңдегі
жұмысқа әзірлік паспортын
алу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

___________________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Энергия өндіруші ұйымдардың ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала__________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді _______________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | ________________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу

өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа
әзірлік паспортын алу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

___________________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Энергия беруші ұйымдардың ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала__________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді ________________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | ________________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

___________________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Жылу өндіруші субъектілердің ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала__________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді ________________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | ________________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
6-қосымша
Нысан

______________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Жылу өндіруші субъектілердің ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала__________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді ____________________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | ______________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

______________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Жылу тасымалдаушы субъектілердің ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала__________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді ____________________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | ______________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
8-қосымша

Нысан

________________________________________________________________________

(паспорт берген мемлекеттік органның толық атауы)

Жылу тасымалдаушы субъектілердің ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен

| | |
|---|---|
| №________________<br>"___"________________20____жыл<br>(паспорттың нөмірі және берілген күні) | қала_________________________<br>(паспорт жасау орны) |

Осы паспорт берілді ___________________________________________

(ұйымның атауы)

| | |
|---|---|
| ____________________<br>(басшы лауазымы) | _______________________________________<br>(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
8-1 қосымша

Нысан

**Хабарлама**

_________________________________________________________ берді.

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

Осымен___________________________________________________________ ММ

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Сіздің [өтінім күні] жылғы № [өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап, Сізге Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 10516 болып тіркелген) Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларының

________________________________________________________________ сәйкес

(құрылымдық элементті көрсету)

осы хабарламаны алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Портал арқылы төмендегі құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды:

1.____________________________________________________________________________

2.____________________________________________________________________________

3.____________________________________________________________________________

Жоғарыда көрсетілген құжаттар көрсетілген мерзімде ұсынылмаған кезде, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту жіберілетін болады.

_____________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті беруші басшысының лауазымы)

_____________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті беруші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Хабарламаны жіберу күні мен уақыты:

"___" ________20__ жылы "__" сағат "__" мин.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
9-қосымша

## "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті – белгіленген электр қуаты 5 (бес) МегаВаттан астам, сондай-ақ өз теңгерімінде 110 (бір жүз он) килоВольт және одан жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші, энергия беруші |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | ұйымдарға, жылу өндіруші субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын 100 Г/кал астам жылу қазандықтары), жылу тасымалдаушы субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу желілері) күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорттарын береді.<br>Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері – өз құрамында кернеуі 35 (отыз бес) кВ және одан төмен электр желілері бар энергия беруші ұйымдарға, белгіленген электр қуаты 5 (бес) МВт және одан төмен энергия өндіруші ұйымдарға, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 35 (отыз бес) МВт дейін қоса алғанда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға, сондай-ақ облыс орталықтарындағы және республикалық маңызы бар қалалардағыны қоспағанда, жылу өндіруші субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын 100 Г/кал төмен жылу қазандықтары), жылу тасымалдаушы субъектілерге (орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу желілері) әзірлік паспортын береді.<br>Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары – жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздері мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын береді. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – Портал). |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті – энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты; энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен;<br>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес береді.<br>Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері – осы Қағидаларның 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 35 (отыз бес) МВт дейін қоса алғанда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты;<br>энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жылу тасымалдаушы субъектілердің, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 35 (отыз бес) МВт дейін қоса алғанда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен;<br>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес береді.<br>Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары - осы Қағидаларға 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздері мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты; жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергиясы көздері мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорты ескертулермен;<br>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес береді. |
| 6. | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. |
| | | Жұмыс графигі:<br>1) көрсетілетін қызметті берушілер-демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін.<br>Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13-00-ден |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушілердің, "электрондық үкімет"веб-порталының жұмыс кестесі | 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін жүзеге асырылады;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, 15 (он бесінші) тамыз сағат 9-00-ден 30 ( отызыншы) қыркүйек сағат 18:30-ға дейінгі кезеңде тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:<br>1) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алуға осы "Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – Тізбе);<br>2) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісі; |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 3) осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу үшін шарттардың орындалғанын растайтын құжаттар тізбесі;<br>4) Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын бірінші санаттағы сараптама ұйымының станциялардың, электр және жылу желілерінің негізгі және қосалқы жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының техникалық жай-күйі, сондай-ақ ұйымның алдағы күзгі-қысқы кезенде тұтынушыларға жылу және электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге дайындығы туралы қорытындысы;<br>5) Электр қондырғыларын пайдаланудың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуіне біліктілік тексерулерден өтудің оң нәтижесі болып табылады.<br>Білімін біліктілік тексеруден өтуі қажет басшы лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей немесе техникалық басшы бекіткен үлгілік немесе жеке даярлау бағдарламасында көрсетілген мерзім өткенге дейін лауазымға тағайындалған немесе ауысқан кезде басшыны лауазымға тағайындау туралы қолданыстағы бұйрықты қоса беру қажет.<br>Бұл ретте, егер даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасындағы мерзім бір айдан асса, онда техникалық басшы бекіткен мерзім де қоса берілуі қажет.<br>Осы тармақта көрсетілген құжаттарды Портал арқылы берген кезде олардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық көшірмелері қоса беріледі.<br>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін Қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) осы Тізбеге 3-қосымшада белгіленген шарттар мен талаптардың орындалғанын растайтын ұсынылған құжаттардың көлемі, мазмұны сәйкес келмеген жағдайда;<br>2) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;<br>3) көрсетілетін Қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Тізбеге 3-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі ( үкімі) бар;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады;<br>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар | 1) Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардан және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерден (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Әзірлік паспортын алуға құжаттарды қабылдау жыл сайын 15 (он бесінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде жүзеге асырылады<br>2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Біртұтас байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар;<br>4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқасы қолжетімді;<br>5) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары beta.egov.kz/ memleket/entities / energo, интернет-ресурсында " Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Біртұтас байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

"Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
1-қосымша

Нысан

______________________
(органның атауы)
______________________
(заңды тұлғаның атауы)

**Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініш**

________________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

________________________________________________________________________________

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нөмірі және күні)

Заңды тұлғаның және оның энергия объектісінің орналасқан жері: ________________

Пошта мекенжайы: _______________________________________________

Телефон нөмірлері: _____________________________________________

Электрондық мекенжайы: __________________________________________________

Факс: _________________________________________________________

Қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі:

1.______________________________

2.______________________________

3.______________________________

4.______________________________

5.______________________________

6.______________________________

Осы өтінішпен ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісім беремін.

Ұйым басшысы _________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

"____"____________ 20____ жыл

"Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
2-қосымша

Нысан

**Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің ______ жылғы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісі**

| | | |
|---|---|---|
| _________________________<br>_<br>(актіні жасау орны) | ________________<br>(күні) | |

Бұйрықпен тағайындалған Комиссия ______________________________________бастап____________№_______.
(ұйымның атауы)

_________________________________________________________________

(энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға және жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу үшін шарттардың орындалуы – орындалмауы көрсетіледі)

Қорытынды:______________________________________________________

(ұйым күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайын/дайын емес)

| | | | |
|---|---|---|---|
| Комиссия төрағасы: | _________<br>(лауазымы) | _______________<br>(ұйым басшысының қолы ) | _________________<br>(Тегі, Аты, Әкесінің аты ( бар болса)) |
| Комиссия төрағасының орынбасары: | _________<br>(лауазымы) | _______________<br>(мемлекеттік Органның қолы және мөрі) | _________________<br>(Тегі, Аты, Әкесінің аты ( бар болса)) |
| Комиссия мүшелері: | _________<br>(лауазымы) | _______________<br>(қолы) | _________________<br>(Тегі, Аты, Әкесінің аты ( бар болса)) |
| | _________<br>(лауазымы) | _______________<br>(қолы) | _________________<br>(Тегі, Аты, Әкесінің аты ( бар болса)) |
| | _________<br>(лауазымы) | _______________<br>(қолы) | _________________<br>(Тегі, Аты, Әкесінің аты ( бар болса)) |

"Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
3-қосымша

**Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілердің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі паспортын алу үшін шарттардың орындалғанын растайтын құжаттар тізбесі**

1. Энергия өндіруші ұйымдар мен жылу өндіруші субъектілер үшін (жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші және жылу өндіруші ұйымдарды қоспағанда):

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 73 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10451 болып тіркелген) Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру қағидалары) сәйкес алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Жүйелік оператормен келісім бойынша күрделі және кеңейтілген-ағымдағы жөндеуден өткен негізгі жабдықтың техникалық жай-күйі параметрлері ведомостарының көшірмелері;

2) алдағы күзгі-қысқы кезеңге негізгі, резервтік, авариялық және жағатын отынды жеткізуге арналған шарттардың көшірмелері (өз отынын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда);

3) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайында жабдықтардың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың зақымдануының алдын алу жөніндегі жоспарланған іс-шараларды толық көлемде орындау туралы акт;

4) энергия өндіруші ұйымның жүктемелер (электр, жылу) графигін орындауға әзірлік актісі, яғни жұмыста және резервте негізгі жабдықтың қажетті құрамының болуы;

5) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 172 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14033 болып тіркелген) энергия өндіруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңде пайдаланатын отын қорының нормаларына сәйкес қоймада негізгі, резервтік, авариялық және жағатын отын қалдығының болуы туралы анықтама;

6) өрт сөндіру және өрт дабылы жүйелерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі актісі;

7) релелік қорғау және автоматика құрылғыларының, ғимараттар мен құрылыстардың, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі актісі;

8) күл үйіндісінің қалдық сыйымдылығын күзгі комиссиялық қарап-тексеруді жүргізу туралы акт (бар болса).

2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар мен жылу өндіруші субъектілер үшін:

1) Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Жүйелік

оператормен келісім бойынша күрделі және кеңейтілген-ағымдағы жөндеуден өткен негізгі жабдықтың техникалық жай-күйі параметрлері ведомостарының көшірмелері;

2) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайында жабдықтардың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың зақымдануының алдын алу жөніндегі жоспарланған іс-шараларды толық көлемде орындау туралы акт;

3) өрт сөндіру және өрт дабылы жүйелерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі актісі;

4) релелік қорғау және автоматика құрылғыларының, ғимараттар мен құрылыстардың, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі актісі;

5) гидроқұрылыстарды күзгі комиссиялық қарап-тексеруді жүргізу туралы акт (бар болса).

3. Энергия беруші ұйымдар үшін:

1) Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде күрделі жөндеуден өткен электр беру желілері мен кіші станцияның негізгі жабдығының техникалық жай-күйі параметрлері ведомостарының көшірмелері;

2) электр жүктемелерінің кестесін көтеруге әзірлік туралы акт, яғни жұмыста және резервте жүктемелер кестесін көтеруге және электр энергиясы мен трансформаторлардың электр беру желілері мен трансформаторларының өткізу қабілеті шегінде электр энергиясы мен қуатын беруге арналған жабдықтың қажетті құрамының болуы, күзгі-қысқы кезеңге 10-110 кВ-тан режимдік (қалыпты) схемалар, жазғы бақылау күндеріне режимдік схема кезінде ағымдағы жылдың және өткен жылдың қысқы бақылау күндеріне жүктемелерді өлшеу;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларының және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15045 болып тіркелген) бекітілген Электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келетін көлемде және мерзімдерде электр желілерінің жабдықтарына сынақтар жүргізу туралы акт;

4)релелік қорғау және автоматика, аварияға қарсы автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді толық көлемде орындау, ғимараттар мен құрылыстардың, байланыс құралдарының, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің дайындығы туралы актілер (актілердің көшірмелері);

5) энергия көздері қуатының тапшылығы, сондай-ақ электр желілеріндегі авариялық жағдай туындаған кезде тұтынушыларды шектеу (веерлі ажыратулар) кестелерінің көшірмелері;

6) кестелер мен кезеңділікке сәйкес пайдалануға берілген және техникалық жай-күйді бағалау жылын көрсете отырып, жұмыс комиссиялардан техникалық куәландырудан өткен жабдықтардың, электр қондырғыларының, әуе желілерінің, кабель желілерінің, релелік қорғау және автоматика құрылғыларының, энергия кәсіпорындарының ғимараттары мен құрылыстарының тізбесі;

7)өткізілген аварияға қарсы, өртке қарсы жаттығулар туралы актілер (өткізілген жаттығулардың тақырыбы және персоналдың іс-қимылын бағалау);

8) жедел-көшпелі және желілік бригадаларды көлік құралдарымен және байланыс құралдарымен қамтамасыз ету туралы акт.

4. Жылу энергиясын тасымалдауды және бөлуді жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдар мен жылу тасымалдаушы субъектілер үшін (жылу желілері):

1) электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық және техникалық актілердің талаптарына сәйкес келетін қажетті көлемде және сапада негізгі және қосалқы жабдықтарды жоспарлы жөндеуді орындау актілері;

2) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайында жабдықтардың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың зақымдануының алдын алу жөніндегі жоспарланған іс-шараларды толық көлемде орындау туралы акт;

3) өрт сөндіру және өрт дабылы жүйелерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі актісі;

4) ғимараттар мен құрылыстардың, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі туралы акт;

5) жылу беруші ұйымдардың жылу желілері мен жылу көздерінің осы жердегі жылыту үшін сыртқы ауаның есептік температурасына жылу желілері жұмысының температуралық кестелерін орындауға дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі акті.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
9-қосымша

Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
10-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| [УО атауы мемлекеттік тілде)] УО-ның деректемелері мемлекеттік тілде | | [УО атауы (орыс тілінде)]<br>УО-ның деректемелері орыс тілінде |
| Өтінішті одан әрі қараудан / Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту | | |
| Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | | [Өтініш берушінің атауы] |

[УО атауы], Сіздің [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарап, мынаны хабарлайды ______
__________________________________________
__________________________________________________________________.
[Бас тарту себебі].

| | |
|---|---|
| [Қол қоюшының лауазымы] | [қол қоюшының Тегі, Аты, Әкесінің Аты (бар болған кезде)] |
| | |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
10-қосымша
Энергия өндіруші, энергия
беруші ұйымдар мен жылу
өндіруші, жылу тасымалдаушы
субъектілердің күзгі-қысқы
кезеңдегі жұмысқа әзірлік
паспортын алу қағидаларына
11-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| [УО атауы мемлекеттік тілде)] УО-ның деректемелері мемлекеттік тілде | | [УО атауы (орыс тілінде)]<br>УО-ның деректемелері орыс тілінде |
| Бас тарту туралы уәжді жауап | | |

| | |
|---|---|
| Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | [Өтініш берушінің атауы] |

| | |
|---|---|
| [УО атауы] Сіздің [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] қарап, мынаны хабарлайды:________________ ____________________________________ ________________________________________________[бас тарту себебі]. | |
| [Қол қоюшы лауазымы] | [қол қоюшының Тегі, Аты, Әкесінің Аты (бар болған кезде)] |
| | |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 20 ақпандағы
№ 121 бұйрығымен
бекітілген

## Электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы тергеп-тексеру жүргізу, электр энергетикасы саласындағы, орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі технологиялық бұзушылықтарды есепке алу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы тергеп-тексеру жүргізу, электр энергетикасы саласындағы, орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі технологиялық бұзушылықтарды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-5-бабының 5-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ереженің 15-тармағының 287) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы, біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, жылу энергиясы көздерінің, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бос тұру – энергия қондырғысының жұмыссыз жай-күйі;

2) диспетчерлік технологиялық басқару – диспетчер жүзеге асыратын және диспетчерлік және технологиялық басқарудың автоматтандырылған жүйелері арқылы электр желілерінің жұмыс істеу режимдерін бақылау және басқару міндеттерін шешу үшін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың істен шығулар мен зақымдануларға ден қою және оларды жою шараларын қабылдауды қажет ететін технологиялық бұзушылықтардың туындау алғышарттары немесе туындауы туралы хабарламаларын қабылдауға және өндеуге арналған процесс;

3) дүлей құбылыстар – табиғи ықпалдардың әсерінен, оның ішінде апаттың және зілзаланың салдарынан қоршаған орта жай-күйінің бұзылуының, өзгеруінің болуын немесе болу мүмкіндігін сипаттайтын, адам мен қоғамның өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін жағдай;

4) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде жұмыскердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы нәтижесінде оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына не қайтыс болуына әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге әсер етуі;

5) жедел емес персонал – жедел және жедел-жөндеу персоналынан басқа персонал;

6) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

7) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын және оның дамуын қамтамасыз ететін ұлттық компания;

8) жүктемені толық түсіру – электр станциясының электр немесе жылу жүктемесін түсіруі;

9) жылу энергетикасы объектілері – жылу энергиясының көздері, жылу желілері және жылу тұтынатын құрылғылар;

10) жылу энергиясының көзі – жылу энергиясын өндіруге арналған жылу электр орталығы, қазандықтар және басқа да құрылғылар және (немесе) қондырғылар;

11) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі - БЭЭЖ) - Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді және сапалы

энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен шағын станциялардың жиынтығы;

12) қате әрекеттер – технологиялық бұзушылыққа әкеп соққан немесе оның пайда болуының алдын алмаған персоналдың әрекеті немесе әрекетсіздігі;

13) технологиялық бұзушылық – электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру, беру, тұтыну процесінің бұзылуына алып келген жабдықтың, электр және (немесе) жылу желілерінің істен шығуы немесе зақымдануы, оның ішінде жану немесе жарылыс , белгіленген режимдерден ауытқу, жабдықты рұқсатсыз өшіру немесе оның жұмыс істеу қабілетін шектеу немесе оның бүлінуі салдарынан істен шығуы немесе зақымдануы.

Технологиялық бұзушылықтар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Технологиялық бұзушылықтар жіктеуінде келтірілген өлшемшарттарға сәйкес жіктеледі.

Технологиялық бұзушылық белгілері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Технологиялық бұзушылық себептерін жіктеу белгілерінде келтірілген;

14) істен шығу – энергия кәсіпорнының немесе оның жабдығының жұмысқа жарамдылық жай-күйінің бұзылғанын білдіретін процесс;

15) энергия қондырғысы – жылу немесе электр энергиясын өндіруге, жинауға, өзгертуге, беруге, таратуға немесе тұтынуға арналған жабдық;

16) энергия торабы – жылу және электрмен жабдықтау саласындағы инфрақұрылым тұтастығына ие оқшауланған аумақ.

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және жылу энергетикасы туралы заңнамасында пайдаланылатын ұғымдарға сәйкес келеді.

## 2-тарау. Тергеп-тексеру жүргізу тәртібі

3. Тергеп-тексерудің мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы заңнамасы талаптарының бұзылу себептерін анықтау және тиісті шаралар қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы заңнамасы талаптарын бұзуға жол берген тұлғаны (тұлғаларды) айқындау.

4. Тергеп-тексеруді жүргізудің негіздері:

1) адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша, мұндай факт тұлғалардың кең тобына әсер еткен және

бұзушылыққа жол берген нақты тұлғаны (тұлғаларды) анықтау талап етілетін жағдайларда, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жүгінуі;

2) авариялардың, технологиялық бұзушылықтардың алдында болған мән-жайларды анықтау, олардың себептерін, техникалық құрылғыларды пайдалану шарттарын, технологиялық процестерді бұзушылықтардың, электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы талаптарды бұзушылықтардың сипатын анықтау, авариялардың, технологиялық бұзушылықтардың зардаптарын жою және оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды, осындай авариядан, технологиялық бұзушылықтан келтірілген материалдық залалды айқындау қажеттігі туындайтын авариялӑр, технологиялық бұзушылықтар.

5. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар және жылу тасымалдаушы субъектілер (бұдан әрі - энергетикалық кәсіпорындар) - технологиялық бұзушылық пайда болған сәттен бастап 1 сағаттың ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес энергетикалық кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикасы жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы шұғыл хабарламаларды ұсыну регламентіне сәйкес жедел хабарламалармен алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефон арқылы жедел хабарлама береді.

Энергетикалық кәсіпорын технологиялық бұзушылық пайда болған сәттен бастап 15 минут ішінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша аумақтық департаментті және жергілікті атқарушы органды жедел хабарламалармен алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефон арқылы технологиялық бұзушылықтың туындау фактісі туралы хабардар етеді.

Технологиялық бұзушылық пайда болған сәттен бастап 12 сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде энергетикалық кәсіпорын мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша аумақтық департаментіне, жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жазбаша хабарлама жолдайды.

6. Жедел және жазбаша хабарламалар мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылық, жазатайым оқиғаның пайда болған күні және уақыты;

2) технологиялық бұзушылық, жазатайым оқиғаның болжамды себептері;

3) пайдаланылған қорғаныс, автоматика және бұғаттау тізбесі;

4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтың тізбесі;

5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бұзылған жабдықтың көлемі, толық жібермеу, ажыратылған тұтынушылардың саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;

6) жазатайым оқиғаның алдын ала салдары;

7) ақпаратты берген адамның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы.

7. Мына технологиялық бұзушылықтарды:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес технологиялық бұзушылықтар жіктеуінің ( бұдан әрі – Технологиялық бұзушылықтар жіктеуі) 1 мен 2-тармақтарында көзделген, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінде болған технологиялық бұзушылықтарды мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның бұйрығымен құрылған комиссия тергеп-тексереді;

Технологиялық бұзушылықтар жіктеуінің 1-тармағының 7) 9), 10), 11), 12), 13) тармақшалары және 2-тармағының 4), 8), 9), 10) тармақшаларында көзделген жергілікті жылумен жабдықтау жүйесінде болған технологиялық бұзушылықтарды жергілікті атқарушы органның бұйрығымен құрылған комиссия тергеп-тексереді.

Бұйрық шығарған органның, ұйымның өкілдері Комиссия төрағалары болып тағайындалады.

8. Тергеп-тексеру технологиялық бұзушылықтар жіктемесін айқындау сәтінен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін технологиялық бұзушылықтар жіктемесін айқындау сәтінен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталады және күнтізбелік 30 күннен аспауға тиіс.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган (құзыреті бойынша) бақылау субъектісін (объектісін) , мүдделі мемлекеттік органдарды тергеп-тексеруді жүргізудің басталуы туралы технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен есептелетін 2 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

9. Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген кезеңде тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған кезде тергеп-тексеру мерзімдері комиссия шешімімен күнтізбелік 30 күнге бір рет қана ұзартылады.

Осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде тергеп-тексеруді жүргізуге объективті кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде тергеп-тексеру мерзімдері комиссия төрағасының бұйрығымен ресімделетін комиссияның шешімімен тоқтатыла тұрады.

Тергеп-тексеру комиссия төрағасының бұйрығымен ресімделетін комиссияның шешімі бойынша оны тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін қайта басталады.

Комиссия төрағасының тергеп-тексеруді қайта бастау туралы бұйрығы шығарылған күннен бастап мерзімдердің өтуі жалғасуда.

10. Комиссия жұмысы ұйымдастыру іс-шараларын орындайтын және уақтылы, сапалы тергеп-тексеруді және оның нәтижелерін ресімдеуді қамтамасыз ететін оның төрағасы белгілейтін регламентке сәйкес жүргізеді.

11. Комиссия төрағадан және оның мүшелерінен, сондай-ақ комиссияның шешіміне қатыспайтын хатшыдан тұрады. Хатшыны есептемегенде, комиссия мүшелерінің саны – тақ.

Комиссия құрамы технологиялық бұзушылықтың ауырлығына және сипатына байланысты анықталады және мемлекеттік органдардың, энергетикалық кәсіпорынның, жөндеу, баптау, жобалау, ғылыми-зерттеу, дайындаушы зауыттардың, құрылыс-монтаждау және өзге де мүдделі тұлғалардан айқындалады.

12. Тұтынушыда орын алған және энергия беруші ұйымда одан әрі өршуіне алып келген технологиялық бұзушылықтар аталған екі тараптың өкілдерінің қатысуымен тергеп-тексеріледі.

13. Технологиялық бұзушылық болған тергеп-тексерілетін энергетикалық кәсіпорын:

1) техникалық есептеулер, зертханалық зерттеулер, сынақтар жүргізеді;

2) зақымданған объектінің фототүсірілімдерін орындайды.

14. Комиссия жұмысы басталғанға дейін энергетикалық кәсіпорын:

1) орын алған технологиялық бұзушылық сипаты мен көлемін айқындайды;

2) тіркеу аспаптарының диаграммаларын, осцилограммаларын, жедел келіссөздердің электрондық жазбаларын, жедел журналдарды, электрондық-есептеу машиналарының басылымдарын, зақымданған жабдықтың жекелеген элементтері мен бөліктерін сақтауды қамтамасыз етеді;

3) коммутациялық аппаратураның, ілгекті және реттеу арқауының, блинкерлер мен бастырмалардың тұрған орындарын белгілейді;

4) технологиялық бұзушылықты жоюға қатысқан персоналдың, бұзушылықты көргендердің рапорттарын жинайды;

5) жөндеу және жобалық құжаттамасын, хаттамаларды, схемаларды, зауыттық және өндірістік нұсқауларды, режимдік карталарды іріктеуді жүзеге асырады;

6) қажет болған кезде немесе комиссияның шешімі бойынша энергетикалық сараптаманы жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жүргізілген энергетикалық сараптаманың дәлелденген, негізделген нәтижелерін және сарапшылардың сараптама өткізу мәні бойынша толық тұжырымдарын комиссия тергеп-тексеру нәтижелерін ресімдеу үшін пайдаланады;

7) осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген Электр және жылу энергиясын толық жібермеу анықтамасына сәйкес энергияны толық жібермеуді айқындайды.

15. Осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында көрсетілген орындалған іс-шаралар қорытындысы бойынша қалыптастырылған материалдар комиссияның әрбір мүшесіне ұсынылады. Комиссияның қарауына ұсынылатын сипаттамалар мен құжаттарды аумағында технологиялық бұзушылық орын алған және тергеп-тексеріліп жатқан энергетикалық кәсіпорынның басшысы дәйектейді.

16. Тергеп-тексеру барысында комиссия мүшелерінің сұранысы бойынша энергетикалық кәсіпорын тергеп-тексеру тақырыбына байланысты қажетті материалдарды ұсынады.

17. Тергеп-тексеру кезінде пайда болу, өршудің барлық себептері сипатталады, зерделенеді және:

1) қызмет көрсетуші персоналдың әрекеті;

2) объектілердің және оны пайдаланатын ұйымдардың қауіпсіздік, техникалық жай-күйі және пайдалану талаптарына сәйкес келуі;

3) жөндеу, профилактикалық тексеру мен сынақтар, жабдықтың жай-күйіне бақылау жүргізу сапасы мен мерзімдері;

4) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіптің сақталуы;

5) авария ошақтарын және жабдық ақауларын жою бойынша шаралардың уақтылы қабылдануы;

6) жабдықтар мен конструкцияларды дайындау, жобалық, құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарының сапасы;

7) дүлей құбылыстардың (көк мұз қырларының қалыңдығы, желдің жылдамдығы және басқасы) нақты параметрлерінің жобада қабылданған және (немесе) нормалармен белгіленген шамаларға сәйкес келуі;

8) жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері бағаланады.

18. Зақымданған жабдықты ашу немесе бөлшектеу комиссия төрағасының рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Адамдар мен жабдық үшін ықтимал қауіп болған кезде ашуға және бөлшектеуге рұқсатты энергетикалық кәсіпорынның техникалық басшысы қабылдайды.

19. Тергеп-тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тергеп-тексеру нәтижелері туралы актімен ресімделеді.

Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісіне жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері, комиссия тұжырымдарын растайтын құжаттар (зақымданған жабдықты қарап-тексеру актісі, регистрограммалар, осциллограммалар, жедел журналдардан алынған көшірмелер, түсініктеме жазбалар, схемалар, сызбалар, фотосуреттер, жабдық және металды сынау нәтижелері, сауалнама қағаздары) қоса беріледі.

20. II дәрежелі істен шығулар осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша энергетикалық кәсіпорындағы технологиялық бұзушылық журналында ресімделеді.

21. Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісіне комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісінде келтірілген шешіммен келіспеген комиссия мүшелері тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісіне қосу үшін жазбаша ерекші пікірін ұсынады, бұл ретте олар тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісіне " ерекше пікірді ескере отырып" деген ескертпемен қол қояды.

22. Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісі барлық қосымшаларымен бірге үш данада жасалады: бірі – энергетикалық кәсіпорын үшін, екіншісі – мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган үшін (құзыреті бойынша), үшіншісі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін келесі жұмыс күні ішінде өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберіледі.

23. Тергеп-тексеру нәтижелері туралы актісіне сәйкес әрбір іс-шараны орындау мерзімі өткеннен кейін энергетикалық кәсіпорын 5 жұмыс күні ішінде іс-шараның орындалуы туралы ақпаратты растайтын материалдарды қоса бере отырып, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жібереді.

24. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган (құзыреті бойынша) тергеп-тексеруді жүргізудің қорытындылары бойынша тергеп-тексеруді жүргізуге негіз болған, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген тұлғаны (тұлғаларды) айқындайды.

Тергеп-тексеруді жүргізудің қорытындылары бойынша бұзушылыққа жол берген тұлғаға (тұлғаларға) қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шаралар қабылданады.

25. Тергеп-тексеруді жүргізудің қорытындылары мемлекеттік құпияларды не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, бақылау органының интернет-ресурсында жарияланады.

26. Орталық Азияның біріктірілген энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі – БЭЖ) және Қазақстанның БЭЭЖ жұмысында іргелес мемлекеттердің кінәсінен болған технологиялық бұзушылықтар Орталық Азия БЭЖ Кеңесі бекіткен Орталық Азия БЭЖ және Қазақстан БЭЖ жұмысындағы бұзушылықтарды тергеп-тексеру және есепке алу жөніндегі (2003 жылғы 31 шілде – 2003 жылғы 1 тамыздағы отырыстың 49 –хаттамасы, Бішкек қаласы) нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) талаптарына сәйкес тергеп-тексеріледі. Бұл технологиялық бұзушылықтар Нұсқаулыққа сәйкес арнайы есепке алуға жатады.

**3-тарау. Технологиялық бұзушылықтарды есепке алу тәртібі**

27. Технологиялық бұзушылықтар жіктеуіне сәйкес біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, электр желілерінің және жылу энергетикасы объектілерінің жұмысында орын алған технологиялық бұзушылықтар есепке алуға жатады.

28. Технологиялық бұзушылықтарды есепке алуды энергетикалық кәсіпорындар энергетикалық қондырғыларды кешенді сынақтан өткізген (жүктемемен) және

өнеркәсіптік немесе тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға қабылдаған сәттен бастап олардың жалпы жұмыс істеу уақыты ішінде жүргізеді.

29. Ауқымына, өршу ортасына, қатысушының кінәсіне байланысты бірнеше энергетикалық кәсіпорынды қамтитын технологиялық бұзушылық бір немесе бірнеше энергетикалық кәсіпорында комиссияның шешімі бойынша есепке алынады.

30. Әрбір энергетикалық кәсіпорын есепті айдан кейінгі айдың жетісіне дейін ай сайын мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) осы Қағидаларға 7-қосымшада белгіленген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікті жолдайды.

Технологиялық бұзушылықтарды есепке алу, оның ішінде тергеп-тексеру актілерін тіркеу энергетикалық кәсіпорындарда нысаны осы Қағидаларға 8-қосымшада белгіленген технологиялық бұзушылықтарды есепке алу журналында жүргізіледі.

Электр энергетикасы және
жылу энергетикасы
салаларындағы технологиялық
бұзушылықтарға
тергеп-тексеру жүргізу,
электр энергетикасы
саласындағы,
орталықтандырылған және
жергілікті жылумен жабдықтау
жүйелеріндегі технологиялық
бұзушылықтарды есепке
алу қағидаларына
1-қосымша

**Технологиялық бұзушылықтарды жіктеу**

Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі – БЭЖ), электр станцияларының, жылу энергиясы көздерінің, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтар салдарының сипаты мен ауырлығына байланысты аварияларға, I және II дәрежелі істен шығуларға жіктеледі.

1. Авариялар:

1) су құбырының, газ-мазут құбырының, отын беру трактының, электр станцияларының өзіндік жеке электр немесе жылу қажеттіліктерінің істен шығуы және оларды авариялық жөндеуге шығару; электр станциясындағы, кіші электр станциясындағы өрт; негізгі немесе қоректендіру құбырларының жарылуы; ғимараттар мен құрылыстардың негізгі элементтерінің құлауы, егер жоғарыда аталған жағдайлардың ең болмаса біреуі барлық өндіруші жабдықтың бір тәуліктен артық толық тоқтап қалуына немесе оның бір бөлігінің 25 және одан артық тәулік мерзімге бос тұруына әкелсе;

2) қуаты 100 гигакалорий/сағат (бұдан әрі – Гкал/сағ) қазанның, қуаты 50 мегаватт ( бұдан әрі – МВт) және одан жоғары турбинаның, қуаты 60 МВт және одан жоғары генератордың, қуаты 75 мегавольт ампер (бұдан әрі – МВА) және одан жоғары трансформатордың, реактордың, ажыратқыштың, кернеуі 220 киловольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары электр беру желілерінің ұзақтығы 25 тәулікке және одан артық мерзімге бос тұруына әкеп соққан зақымдану;

3) мыналарға:

гидроторaптың ең жоғары есептік қабілетінің артуымен су қоймасынан суды ағызуға;

гидроэлектр станциясының қазіргі қуатының 50 % және одан артық төмендеуіне;

жоғарғы бьефте су деңгейінің шекті-қолжетімді мәндерге артуына әкеп соққан белгіленген қуаты 100 МВт және артық гидроэлектр станциялары құрылыстарының зақымдануы немесе жұмысқа жарамдылығының бұзылуы:

4) БЭЭЖ және оның оқшауланған бөлігінің 49 герцтен (бұдан әрі – Гц) төмен жиілікпен 30 минуттан артық жұмыс істеуі немесе 51 Гц жоғары жиілікпен үш минуттан артық жұмыс істеуі;

5) БЭЭЖ-дың жекелеген бөліктерге бөлінуі арқылы оның тұтастығының бұзылуы немесе тұтынушыларға сағатына 250000 кВт (кВт/сағ) және одан артық өлшемдегі электр энергиясын жеткіліксіз беруді тудырған электр станциясы және (немесе) электр желісі жұмысының бұзылуы;

6) бір блокты жұмыс режимін қоспағанда, келтірілген жалпы электр және жылу жүктемесі 300 МВт және одан жоғары болса, жылыту қазандықтарының (су жылыту және бу) жүктемесін есепке алмағанда, электр станцияның жүктемені толық түсіруі;

7) тікелей жылу магистралындағы жылу желісінің бекітілген графиктен 250С төмен желілік су температурасымен бес тәуліктен артық жұмыс істеуге әкеп соққан жылу көзінің зақымдануы немесе ақаулығы;

8) күл-қож қалдықтарының қоршаған ортаға шығарылуымен электр станциясы күл-қож дамбасының бұзылуы;

